

Қасым Аманжоловтың жарияланбаған өлеңдерінен

Қарашаш

Иститутта жүр оқып,
Қазақ қызы Қарашаш.
Оқы, оқы қарындас
Туған елге білім шаш.

Қарашашым, қара көз,
Жарасасың өмірге,
Кірпігің нұр, көзің күн,
Тамашасың өзің де.

Апаларың алдында
Сінділерің соңында,
Келеді өсіп Қарашаш
Алтын томдар қолында

1948 ж.

Күндей шалқып күлгенің...

Күндей шалқып күлгенің
Шаттығыңның нұры ғой,
Шағ боп өмір сүргенің
Заманыңның сыры ғой.

Сенің нұрлы жүзіңнен
Көрем бақытты өмірді.
Сенің әрбір сөзіңнен
Күй естілед көңілді.

Сол себепті мен саған
Ғашықтайын құмартам,
Жүрегімнен, жанымнан
Жыр жазамын, сыр айтам.
Күндей шалқып күле бер,
Ақ маңдайлы, алма жүз!

Саған сірә тең келер
Жер жаһанда * бар * ма қыз!

Еркіндеп-ақ келесің
Өмір шіркін, күй шіркін!
Мені қозғай бересің
Дүркін-дүркін, әр дүркін.

Поэзия — асыл жар,
Тек, өзіңе тең болсам;
Менне қандай арман бар,
Мені бірге сен болсаң.

1952 ж.

Таныстық туралы

"Танысалық" десем мен,
"Таныспыз ғой біз" дейсің.
Сырттан қайтып танийсың,
Ішкі сырды білмейсің?!

Ишарапен айтсам сөз,
Түсінбеген боласың,
Ашып айтсам көзбе көз
Ашуланып қаларсың.

Бір сөзден бір романның
Сырын ұғар кезінде —
Бар сыры жас адамның
Тұрар ойнап көзінде.

Махаббатты жігіттің,
Тіке қарап көзін көр —
Ішкі сырын жүректің
Айтқызбай-ақ біле бер.

1938 ж.

Қарындасым, Марпуға!

Аялаған айдын көлге,
Ұқсап бейне аққуға,
Астанаға келдің сен де,
Қарындасым Марпуға.

Есінде ме сонау бір жыл,
Оқушы едің рабфакта
Сен қызыл гүл, мен жас бұлбұл,
Кездесіп ек бір бақта.

Сол бір баққа көрік беріп,
Сен құлпырып жайнаушы ең,
Құлпырғаның қызық көріп,
Мен құбылтып сайраушы ем,

Сенің гүлдей дидарыңнан
Бақыт нұрын көруші ем,
Махаббатты жас жанымнан
Жырлар жазып беруші ем.

Лениншіл жас. - 1955. -
9 фев. (№ 17). - 3 б.